КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

ШЕШІМ

2025 жылғы 10 шілде Іс №3514-25-00-2/2151 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Муталяпова,
сот отырысының хатшысы Г.Е.Дияровамен,
ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Алтынғаным Сәнкібайқызы Тажмағанбетова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСТЫ:
талап қоюшының өкілі К.К.Кадырбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

17 сәуір 2025 жылы «Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ММ, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Алтынғаным Сәнкібайқызы Тажмағанбетова (бұдан әрі – ЖК, өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №250081 шарт жасалды (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың пәні – рентранслятор дуплексті.

Шарттың сомасы – 1 550 000 теңге.

Тауарды жеткізу мерзімі – 16 күнтізбелік күн.

Жауапкер міндеттемелерін орындаған жоқ, Шартта белгіленген мерзімге дейін тауарды жеткізілмеген.

Талап қоюшы жауапкермен өзіне алған міндеттемелердің орындамауымен негіздеген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ЖК талап қоюға қарсы пікірінде тауарды жеткізу келесідей объективті себептермен орындамағанын атады. Шарт жасалғаннан кейін, ол тауарға тапсырыс берді, бірақ тауар Қытай республикасаның шекарында ұзақ уақыт бойы қалды. Тауар жеткізу мерзімін бұза отырып жеткізілді, бірақ шарттың әрекет ету мерзімі ішінде тауар жеткізілді, айппұлын төлегенін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының болатын орны мен уақыты туралы хабарлама арқылы жауапкер ескертілген. Алайда жауапкер сот отырысына қосылмады.

Осыған орай, сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай –АПК) 196-бабына сәйкес азаматтық істі жауапкердің қатысуынсыз қарауға мүмкіндік бар деп санайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 271-бабына сәйкес, міндеттемелер шарттан туындайды.

АК-тің 272-бабына және 277-бабына сәйкес, міндеттеме міндеттеменің шарттары мен заңнаманың талаптарына сәйкес, белгіленген мерзімде және тәртіпте тиісінше орындалуы тиіс.

АК-тің 386-бабының 1 және 3-тармақтарының күші бойынша, шарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады (АК 393-бабы). Егер заңнамада немесе шартта шарттың әрекет ету мерзімі белгіленген болса, онда осы мерзімнің аяқталуы тараптардың шарт бойынша міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң), даулы құқықтық қатынастар кезіндегі қолданыста болған, 8-бабының 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 414, 476-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарттың жобасында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Құжатқа қол қойылған: Мұталапова А. Т., 17.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сотпен, аталған іс бойынша мемлекеттік сатып алу бағалық ұсыныс әдісімен жүзеге асырылғаны анықталды.

Осылайша, мемлекеттік сатып алуға қатысқан орындаушы, тапсырыс берушімен Шартта қол қойған кезде, Шартта белгіленген мерзімдерде оның қосымшаларына сәйкес міндеттемелерін орындауға келісім берген және оны өз мойнына алған.

Шарттың 1.2-тармағына сай, өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша қызмет көрсетуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші шартта көрсетілген шарттарға сәйкес өызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1-тармағына сәйкес өнім беруші шарт бойынша алған міндеттемелерін толық және дұрыс орындауға міндеттенді.

Шартқа сәйкес, тараптар тауарды жеткізу көрсеті мерзімін – 16 күнтізбелік күн.

Жауапкер өз міндеттерін орындамаған, тауарды жеткізбеді, шарт біржақты тәртіппен 2025 жылғы 21 мамырда бұзылған, шарттың бұзылуы жауапкермен дауланбағаны анықталды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы соттардың қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жеткізушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар жеткізушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде ескеруі тиіс, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін әділдік және ақылға қонымдылық критерийлеріне сәйкес теріс салдарлардың орын алғанын ескеріп, АК-тің 359-бабына сәйкес теріс салдарлардың тапсырыс берушіге келтірілген залалдың салдарынан маңызды түрде шарт жасасқан кезде күткен нәтижеге қол жеткізе алмауы ретінде қарастырылады (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

АК-тің 359-бабының 1-тармағына сәйкес, егер заңнамамен немесе шартпен өзгеше көзделмесе, борышкер міндеттемені орындамауына немесе тиісінше орындамауына кінәлі болған жағдайда жауапты болады.

Өнім берушіге тек шарттарды бұзылғаннан кейін тапсырыс берушіге тауарды жіберген, сондықтан тапсырыс берушінің міндеттемелерін орындамағаны туралы уәждері негізсіз.

Сондай-ақ, жауапкердің көрсеттілген тауарды жеткезбуі себептері негізсіз, себебі жауапкер Шартты жасаған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде тауарды жеткізу міндеттенген, бұл мерзім тараптар тарапынан ұзартылмаған және Шарттың осы бөлігі бойынша тараптар шарттарды өзгертпеген.

Құжатқа қол қойылған: Мұталапова А. Т., 17.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот отырысында талап қоюшының дәлелдері жоққа шығарылмады, ал жауапкер өз әрекеттерінің дұрыстығын негіздейтін дәлелдер ұсынбады. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 72-бабына сәйкес, әр тарап өз талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Талап қою мерзімі Заңмен белгіленген тәртіпте талап қоюшымен сақталған.

Осы мән-жайларға байланысты, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы негізді деп танылып, қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж жауапкерден 1 966 теңге мөлшерінде өндіріп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот, АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер Алтынғаным Сәнкібайқызы Тажмағанбетованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Алтынғаным Сәнкібайқызы Тажмағанбетованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Алтынғаным Сәнкібайқызы Тажмағанбетовадан мемлекеттік баж 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекет кірісіне өндірілсін.

Шешімге ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар, өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап, бір ай мерзім ішінде АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарына сәйкес, Қарағанды облыстық сотының апелляциялық сот алқасына Қарағанды облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты келтірілуі мүмкін.

Судья А.Муталяпова

Көшірмесі дұрыс:

Судья А. Муталяпова

Құжатқа қол қойылған: Муталяпова А. Т., 17.07.2025

3514-25-3-1/2493

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Құжатқа қол қойылған: Мутапапова А. Т., 17.07.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»